

«Нұрай» жеке балабақшасы

№4 кезектен тыс педагогикалық кеңес хаттамасынан суырма

Өткен күні: 20 наурыз 2025 жыл

Қатысқандар: Өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері:

Комиссия төрайымы: «Нұрай» жеке балабақшасы меңгерушісі: К.Б.Джумашева

Д.К.Аябалиев «Нұрай» жеке балабақшасы педагог-психолог комиссия мүшесі

М.Т.Накипова «Нұрай» жеке балабақшасы қазақ тілі мұғалімі - комиссия мүшесі

Г.М.Бердығалиева «Нұрай» жеке балабақшасы музыка жетекшісі - комиссия мүшесі

Ж.Т.Идресова «Нұрай» жеке балабақшасы тәрбиешісі - комиссия мүшесі

Хатшы: Г.Ж.Баянова «Нұрай» жеке балабақшасы тәрбиешісі - комиссия мүшесі

Күн тәртібінде:

1. 2022-2025 оқу жылдарына жүргізілген өзін – өзі бағалау комиссиясының есебін тыңдау (жауапты өзін-өзі аттестаттау комиссия төрайымы К.Б.Джумашева)

Тыңдалды:

1. К.Б.Джумашева - өзін-өзі аттестаттау комиссия төрайымы, меңгеруші: Өзін – өзі бағалау комиссиясы тәрбиелеу мен оқыту әрекетін ұйымдастыру бойынша 2022-2025 оқу жылының мынадай деректі құжаттарын қарады:

Мектепке дейінгі тәрбиелеу-білім беру процесі төмендегі **нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алып ұйымдастырылған:**

-Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандартты;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қазан №422 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығы бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы; бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;

- Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институтының» ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2024 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттамасы);

- Мектепке дейінгі жастағы балаларға қазақ тілін үйрету бойынша әдістемелік ұсынымдар (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институтының» ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2021 жылғы 21 қыркүйектегі №7 хаттамасы). Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасындағы сабақтастық жұмыстары; Оқу қызметінің бөлінуін растайтын құжаттар, күн тәртібі, циклограммаға сәйкес перспективалық жоспарлар, жылдық жоспарлар; МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандағы бойынша білімі бар педагогтардың құжаттары; Баланың даму мониторингі және нәтижелері; «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» білім салалары бойынша перспективалық жоспарлар, балалардың зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатысу нәтижелері; Оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесі;


Комиссия мүшелері 2022-2025 оқу жылдарының тәрбиелеу-оқыту бойынша МЖМБС талаптарына сәйкестігіне зерделеу жұмысын жүргізді. Комиссия төрайымы К.Б.Джумашеваның өзін-өзі бағалау есебі тыңдалды. Өзін – өзі бағалау, бағалау өлшемшарттарына сәйкес қорытындыланып, комиссия мүшелерінің дауысқа салуымен «ЖАҚСЫ» деген баға қойылды.

Сөз сөйлегендер: Ж.Т.Идресова – тәрбиеші: Өзін – өзі бағалау бойынша комиссия мүшелерінің есебін тыңдай отырып, бөбекжайдың тәрбиелеу мен оқытуда МЖМБС талаптарының толық сақталған деп ойлаймын. 2022-2025 оқу жылдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларының сәйкестігін көрдік.

Шешім:

1. «Нұрай» жеке балабақшасының 2022-2025 оқу жылдарына өзін – өзі бағалау МЖМБС талаптарына сәйкес деп танылсын.

Төрайымы:  К.Б.Джумашева

Хатшы:  Г.Ж.Баянова

Комиссия төрайымы: «Нұрай» жеке балабақшасы меңгерушісі: К.Б.Джумашева

Д.К.Аябалиев «Нұрай» жеке балабақшасы педагог-психолог комиссия мүшесі

М.Т.Накипова «Нұрай» жеке балабақшасы қазақ тілі мұғалімі - комиссия мүшесі

Г.М.Бердығалиева «Нұрай» жеке балабақшасы музыка жетекшісі - комиссия мүшесі

Ж.Т.Идресова «Нұрай» жеке балабақшасы тәрбиешісі - комиссия мүшесі

Хатшы: Г.Ж.Баянова «Нұрай» жеке балабақшасы тәрбиешісі - комиссия мүшесі

